

**"Жеке санаттағы азаматтарға қала ішінде қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жүру жолақысына әлеуметтік көмек көрсету туралы" қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 1 ақпандағы N 30/276 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007 жылғы 21 ақпандағы N 40/390 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласы Әділет басқармасында 2007 жылғы 5 наурызда N 8-4-66 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010 жылғы 24 ақпандағы N 28/217 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010.02.24 N 28/217 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 1 ақпандағы N 30/276 "Жеке санаттағы азаматтарға қала ішінде қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жүру жолақысына әлеуметтік көмек көрсету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркеу нөмірі – 8-4-26, "Балқаш өңірі" газетінің 2006 жылғы 17 наурыздағы N 23 санында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) 1 тармақта "9700" саны "10236" санымен ауыстырылсын;
- 2) 2 тармақта "600" саны "750" санымен ауыстырылсын;
- 3) 4 тармақ келесі мазмұндағы 5, 6 тармақшаларымен толықтырылсын:  
"5) зейнетақы немесе жәрдемақы алушының куәлігі;  
6) белгіленген нысандағы мүгедектігі туралы анықтама".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет, адам құқығын қорғау, әлеуметтік сала бойынша тұрақты комиссиясына (Баймағанбетов Е.К.) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Сессия төрайымы*

*Г. Ахрименя*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*Л. Коробейникова*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Қала әкімі*

*Токушев Қ.Ә.*

14 ақпан 2007 жыл

*Жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар  
Адамова Қ.Қ.*

*бөлімінің бастығы  
14 ақпан 2007 жыл*

*Қаржы бөлімі  
Томпиева Ж.Қ.*

*меңгерушісі  
14 ақпан 2007 жыл*

*Экономика және  
бюджеттік жоспарлау  
Шлыкова З.С.*

*бөлімінің бастығы  
14 ақпан 2007 жыл*